

**А.Б. Арипова, Б.Қ. Ақын**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
(E-mail: asiko1015@gmail.com, aqbaqd@gmail.com)

Қазақ және корей халықтарындағы ұлттық ойындардың ұқсастығы

Аңдатпа. Мақала қазақ және корей халықтарындағы ұлттық ойындардың ұқсастығы мен екі мемлекеттегі ұлттық ойындардың дәрежесін көрсетуге арналған. Жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетке кері әсері бәрімізге мәлім. Осы орайда, ұлттық рухты қалыптастырудың бірден-бір жолы – ұлттық қазынамызды, соның ішінде, ұлттық ойындарды жастарға дәріптеу, дамуына жол ашу. Сол себепті, бұл мақалада жастар тәрбиесіндегі ұлттық ойынның рөлі мен ұлттық ойындарды жаңғыртудың маңызы көрсетілген.

Ата-бабымыздан келе жатқан бұл ойындар – денені сауықтырып қана қоймай адамгершілік, зеректік, бәсекеге қабілеттілік, өнегелік, жауапкершілік, сыйластық пен ізеттілік сияқты жағымды қасиеттерді бала бойына сіңіретін, баланы жан-жақты дамытатын қозғаушы күш. Қазақ және корей халықтарының ұлттық ойындарының ұқсастығын айқындап, салыстыру мақсатында тарихи шолу жасалып қана қоймай, сонымен қатар, қазақша күрес пен ширым күресі, асық ойыны мен бисокчиги ойыны, садақ ату мен хуалсоги ойындарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды. Жастар арасында ұлттық ойындардың құндылығын дәріптеудің жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: қазақ мәдениеті, корей мәдениеті, ұлттық ойындар, тарихи-мәдени мұра, корей ойындары, қазақ ойындары, ұлттық құндылықтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-171-177>

Түсті: 06.10.2022 / Жариялауға қабылданды: 14.07.2023

Кіріспе

XXI ғасырдың ерекшеліктерінің бірі – жаһандану үрдісінің кең белең алуында. Бұл әлем халықтарының біртұтастануына алып келетіні айдан анық. Сол себепті де қазіргі таңда әлем халықтарының алдында тұрған мәселелердің бірі – өз халқының тілі мен мәдениетін сақтап қалу. Жаһандану үдерісінің ықпалынан ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупі тұрғанда жастар тәрбиесі мемлекет деңгейіндегі мәселе болып отыр. Ұлттың болашағының жарқын болуы – ең алдымен болашақ

ұрпақтың өнегелі, ұлтжанды, жақсылыққа ұмтылатын азамат болып өсуінде. Сол себепті де, ата-бабаларымыздан мәдени мұра, әрі мирас болып келген ұлттық ойындардың жоғалып кетпеуін қадағалау – біздің міндетіміз деп білемін. Осы орайда, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында денсаулық кепілі – дене шынықтыру дей келе, жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы

қажет екенін тағы да қайталап айтамын деген болатын [1]. Дене шынықтырудың таптырмас жолы – ұлттық ойындар. Оның дәлелі ретінде, ғалым, зерттеуші Б. Досқараев «Историко-педагогические основы становление и развития системы физической культуры в Казахстане» атты докторлық диссертациясында «Халықтық ойындармен спорт түрлері өзінің жан-жақты әсерімен ерекшеленеді, оларды әртүрлі жастағы адамдарға қолдануға болады. Халық ойындарын спортшы дайындауда жалпы дайындық құралы ретінде пайдалану тиімді. Түркі халықтарының ойындары әскери дайындыққа қолайлы болып келеді» деп қорытынды жасай келіп, ұлттық ойындар мен спорт түрлерін кеңінен насихаттауды қолға алу керектігін көрсетеді [2, 64 б.]. Қазақтың ұлы ақыны, педагогика оқулығының авторы Мағжан Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды [3, 24 б.].

Ұлттық ойындар – ол біздің рухани мәдениетіміздің тірегі іспеттес. Ұлттық ойындар – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Қазақтың ұлттық ойын тәсілдері жас ұрпақтың қызығуын арттырады, қимылдардың еркіндігін дамытады, көңіл көтеру ойындары ұлтына деген сүйіспеншілікке, туған халқына, салт-дәстүрлері мен отансүйгіштік сезіміне, үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелейді. Өйткені, ойын арқылы жас ұрпақты қызықтыру өте оңайға түспек. [4] Осы тұрғысында тарихшы, этнограф Нығымет Мыңжан былай деп тұжырымдайды: «Халық тұрмысындағы ойын-сауықтар да өзіндік өзгешелігімен парықталған ұлттық мәнердегі әсемдік мәні зор құбылыстар. Ол да ойды оятып, көңілді ашуға қызмет етеді. Ендеше ұлт тұлғасын, сипатын таныту да осы ұлттық ойын түрлерін жан-жақты қолдауға байланысты» [5, 112 б.].

Зерттеу өзектілігі

Қай халықтың болмасын ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық түрғыдан

ерекше қасиеттері болады. Сол себепті де халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, корей халқының ұлттық ойындарын саралай отырып, пайдалы тұстарын қазақ елінде жүзеге асыру, қазақ ұлттық ойындарын корей халқының ұлттық ойындары секілді мәдени тұрғыдан жоғары деңгейге көтеру аясында зерттеу жұмысын жүргізу – маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Зерттеу мақсаты

Корей халқы мен қазақ халқының ұлттық ойындарын салыстыру.

Зерттеу міндеттері

– Корей халқы мен қазақ халқының ұлттық ойындарының түрлері мен тарихына шолу жасау;

– Оңтүстік Кореяның ұлттық ойындарының мемлекеттік деңгейін анықтау;

– Корей халқы мен қазақ халқының ұлттық ойындарын салыстыру.

Ертеден қазақ балалары өздерінің сөзұғарлығы, мықтылығы, ептілігімен, сөз байлықтарының көптігімен ерекшеленген. Осындай қасиеттердің дамып, балалардың батырлар ұрпағына лайықты қыз бен жігіт болып өсуіне ұлттық ойындардың қосар үлесі көп. Орыс ғалымы, этнограф, шығыстанушы Александр Алекторов «О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей» атты кітабында көшпенді қазақтардың өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен өсуінде ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны мен дене мүшесінің қалыптасып, дамуындағы халық ойындарының орны туралы жазады [6, 82-б.]. Осындай тәрбиелік мәні бар ұлттық ойындардың құндылығын түсіне отырып, қазақ ойындарын дәріптеу керек. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше: көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары

болған», – деп ой түйген [7]. Қазақ халқының құндылықтарын қарастыра отырып, ұлттық ойындарын дамытып қана қоймай, оны жандандырып, жастарға құндылығын түсіндіре білген Оңтүстік Корея елінің ойындарымен ұқсас тұстарын айқындау – біздің алдымызда тұрған мақсат.

Қазақ халқы рухының күштілігін көрсететін ұлттық ойындардың корей ойындарымен ұқсастығын зерттеу мақсатында тарихқа үңілмек ниетіндеміз. Екі елдің де ұлттық ойындарының тарихы көне замандардан басталады. Қазақтың ұлттық ойындарының тарихи маңызы мен өскелен ұрпаққа берер тәрбиесі мол. Осыдан 18 ғасыр бұрын 371-381 жылдар арасында Ғұндар патшасы Баламбер (Аттиланың алдында) өзінің жеңістері мен айтулы мемлекеттік шешімдерінен кейін үлкен той-жиын өткізіп, оның негізгі бір бөлігі ретінде ат жарыс, балуан күресі, садақ ату, найза лақтыру, аударыспақ, теңге алу, т.б. ойын түрлерін өткізген. Ал сол кездегі ғұндар тілімен осы ойын түрлері былай айтылған: Ээр-хүреш, Ат-хүреш, Ланса-хүреш (ланса – қазақ тілінде «найза»), Шабарман-хүреш, Жебе-хүреш, т.б. Ээр, Ер – «күшті» мағынасында, Хүреш – «балуан күрес» мағынасында айтылғандығы көрсетіледі [8, 52 б.].

Корей ұлттық ойындарының тарихы да сонау ерте замандардан бастау алады. Корей халқының дерекнамаларында, Корей түбегінде тайпалар өмір сүрген уақытта да ойын үрдісі болған делінеді. Алайда, ол кездері ойын адамның күнделікті тіршілігінен бөлініп қарастырылмаған. Қазіргідей біз жұмыс пен демалыс, үй ішіндегі жұмыс пен сырттағы жұмыс, оқыту мен ойнау деп тұрмыс-тіршіліктерін бөліп жармаған. Тайпалар кезеңінде ойын ұғымы шаманизмге табыну кезінде орындалатын салт-жоралғылар ретінде саналған. Уақыт өте келе ойындарды бала жан-жақты дамып, өз ұлтын танып, білу үшін бала тәрбиесінің құралы ретінде пайдаланған.

Осылай қазақ және корей ұлттық ойындары пайда болды. Қазақ халқы көшпенді, ал, корей халқы отырықшы болғанына қарамастан, ұлттық ойындарында ұқсастықтар баршылық, тіпті бірдей ойын түрлері де кездеседі. Ендігі

қазақ және корей халықтарының ұлттық құндылықтары мен ұлттық ойындарын салыстырмалы түрде зерттейміз.

Қазақша күрес пен корей халқының Ширым күресі ұқсастықтары

Екі күрес те бірдей, алайда, «қазақша күрес» қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне сәйкес қазақша нұсқасы болса, «ширым күресінде» корей халқына тән ерекшеліктері бар. Қазақша күресте палуандардың табиғи күшін әрі қарай дамыту мақсатында әрдайым дене дайындығын жетілдіру маңызды болып саналады. Ол үшін арнайы жаттығулар жүйесі мен әдістері белгіленеді.

Қазақ халқының арасында таралған балуан күрестерін төмендегідей бірнеше түрлерге бөлуге болады: қазіргі еркін күреске ұқсас кеуде жалаңаш, жалаң аяқ, белбеусіз күресу түрі; шапан киіп, белдік буынып күресу; белдік буынып, кеудені жалаңаштап күресу; аяқ киімді шешпей күртеше немесе шапан киіп күресу; отырып күресу. Әр аймақта күресу тәртіптері де әртүрлі болып келген. Кеудені жалаңаштап немесе киіммен күресу жергілікті жердің климаттық ерекшелігіне де байланысты болған. Күресу шартын балуандар алдын ала өзара келісім бойынша белгілеп отырған. Ел арасында ауызша тараған күрес ережелері қатаң сақталып, оны талассыз мойындаған. «Күш атасын танымас» деген қағидаға сүйеніп, балуандарды жас ерекшеліктеріне және салмақ дәрежелеріне қарай бөлмеген [9, 30-б.].

Біздің қазақилыққа тұнып тұрған қазақша күресімізге ұқсас корей халқының күресі – Ширым, кейбір жерде «Сирым» деп аталады. Бұл күрес түрінің ережесі де қазақ күресіне ұқсайды. Ширым (Сирым) – корей халқының қанына сіңген, ежелден келе жатқан күрестерінің бір түрі. Үш мемлекет кезіңіне дейінгі тайпалар одақтасығы кезінде-ақ Ширым күресі «Чиухи» деген атпен болған делінеді. Ежелгі кезде бұл ойын түрі басқа тайпа адамдарынан қорғану үшін өз тайпасындағы адаммен күресіп, күш жинау мақсатында ойналатын еді. Біздің халық та қазақша күресті сондай мақсатта ойнайтыны белгілі. Тарихи мәліметтерге сүйенер болсақ, Үш мемлекет

кезіндегі (б.з.д. 57 жылдан басталады) қабір суреттерінде екі адам бір-бірінің белдерінен ұстап, ширым күресін ойнап жатқан бейнесі бейнеленген. Сирымның басқа ойындардан ерекшелігі – қай жерде немесе қандай жағдай да болмасын ешқандай дайындықсыз адамдар жиналып, күресуге болатындығында.

Садақ ату мен Хуалсоги ойынының ұқсастықтары

Қазақ жерінде ХХ ғасырға дейінгі жыл сайын өткізілетін жәрмеңкелер қазақ халқы арасындағы сауданы ғана дамытып қоймай, көптеген мәдениеттердің араласуына себепкер болған еді. Сол кезде ұлттық ойындар ішінде салмақ көтеру, ат жарыстары, күрес, садақ ату сияқты сайыстардың көптеп өткізілуіне де себепкер болды.

Садақ атуды адамзат мал, жан-жануарларды қолға үйретуден де бұрын меңгергендігі археологиялық деректерде дәлелденеді. От қарулары пайда болғанға дейін садақ қаруы негізгі соғыс қаруларының бірі болды. Бабаларымыз елін, жерін қорғау үшін әр уақытта бес қаруы әрқашан дайын болуына үлкен жауапкершілікпен қараған. Қазақ садағы – жалпы көшпенділер садағының бір нұсқасы болып келеді. Садақты көбіне ат үстінде қолданғандықтан, көшпенділердің садағының жақтары жеңіл, әрі жебенің алысқа атылуына талап қойылған. Садақ бірнеше ағаш түрінен, сүйектен құралып жасалған күрделі құрама болып келеді. Садақтарды жасау әрқашан жетілдіріліп отырған. Садақты жетілдіру ісінде барлық көшпелі халықтардың үлесі бар[9, 39 б.].

Садақ атудың тарихы тереңде. Қазақ халқы секілді, корей халқы да садақ ату, жамбы ату сияқты сайыс ойындарын ерте кездерден өткізіп келген. Қытай дерекнамаларында Корей түбегінде ежелгі Пуё (б.з.д II - б.з. 494) мен Когурё (б.з.д.37 - б.з.372) мемлекеттері шарықтап тұрған кезден-ақ сапалы және жебесі алысқа атылатын садақтарды пайдаланған делінеді. Сол кездері хуалсоги, яғни, садақ атудан хан сарайында сайыстар өткізіліп, сайыс соңында хан өз тұлпарын жеңімпазға сыйлайтын болған. Хуалсоги –

жоғары лауазым иелерінің ойыны ретінде саналып, қазақ халқы секілді ат үстінде де қолданатын болған. Алғашында, садақ тек аңшылықта қолданғанымен, кейіннен соғыс кезінде қолданатын қаруға айналды. Корей халқының садақ ату барысы қазақ халқының садақ ату барысымен бірдей бола тұра, жасалу жолы мен қолданылатын материалдары өзгеше. Корей халқында садақтың ұзындығы, жасалуы мен қолдануына қарай атаулары әр түрлі болып келеді. Атап айтсақ, садақ жай ағаштан жасалса – «Муккун», бамбук ағашынан жасалса – «Чуккун», сиыр мүйізінен жасалса – «Каккун», жезден жасалса – «Чолкун» деп аталатын болған. Егер садақ ұзындығы 2 метрден асатын болса – «Чанкун», ал, қысқа болса – «Танкун» деп екіге бөлген. Қазіргі таңда хуалсоги ойыны спортқа айналып, садақ жасау өнері күннен-күнге даму үстінде.

Асық ату ойыны мен Бисокчиги ойынының ұқсастықтары

Асық ойыны біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырларда көшпелі тайпалар заманынан келе жатқан ұлттық, спорттық, мәдени-сауықтыру ойындарының түрі ретінде белгілі. Оны қазақтардан басқа қарақалпақтар, қырғыздар, алтайлықтар да ойнаған. Асық – төрт түлік малдың тілерсегінен буынына біткен, қызметі күрделі шымыр сүйек. Яғни, төрт түлік малдың асығы қазақ халқының төл ойындары арқылы танымал. Оның ішінде қой, ешкі, түйе асықтары үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішінде болса, жылқы асығы пішінімен ерекшеленіп тұрады. Қазақ халқында «Үш табан», «Ханталапай», «Шеңбер» сынды асықты қолдану арқылы ойыналатын ойынның түрлері көп. Асық ойындары жастарды мергендікке, ептілікке, шеберлікке және бәсекелестікке тәрбиелейді.

Асық ойнаудың түрлері өте көп. Соның ішінде асықты тігіп ойнауға ерекше тоқталатын боламыз. Себебі, бұл ойын – корей халқының бисокчиги ойынымен ұқсастығы көп асық ойыны. Асықты тігіп ойнаудың ережесіне келер болсақ, асық ойнаушылар тегіс жерді таңдап алады да, оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық

сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы бір, біржарым метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 м не одан да алыс мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып, көндегі асықты дәлдеп ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны «көн» сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал, тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді [9, 102 б.]. Асық ойынының ерекшелігі – жастарды дәлдікке баулып қана қоймай, мидың жұмысын жақсартатыны дәлелденіп отыр. Қазіргі таңда «асық терапиясы» деген терминнің пайда болуы да соның бір көрінісі.

Асық ойынының ережесіне ұқсас келетін Бисокчиги ойыны шамамен Чосон заманында (1392-1897) пайда болған. Қазақ халқының асық ойынында асық қолданылса, корей халқының бұл ойынын ойнау кезінде алақанның көлеміндей тастар қолданылады. Бисокчиги – дәстүрлі корей ойыны, ол белгілі бір қашықтықта тізілген тастарды атып түсіретін ойын түрі. Бұл ойын корейаның барлық аймақтарында кеңінен таралған және аймақтарға байланысты атаулары өзгеріп тұрады. Мысалы, бисокчаги, бисоккаги, могжаккаги, джаккаги, бисаеги және т.б. атауларымен де белгілі. Ойынның ережесі бойынша, тегіс жерге ара қашықтығы бес метр болатын параллель екі ұзын сызық сызылады. Әр ойыншы өзіне бір тасты таңдап, қатысушылар сызыққа тізбектеп өз тастарын қояды. Ойыншылар кезектерін анықтағаннан кейін, екінші сызықтың

бойына тұрып, кезекпен тізілген тастарды дәлдеп атады. Кімнің тасы сызықта қалса, сол жеңіске жетеді. Алайда, бұл бисокчигидің бірінші кезеңі ғана, негізі ойын 29 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең біткеннен кейін, келесі кезең тасты аяғына қойып, құлатпай тастар тізілген сызыққа дейін секіріп барып, тастарды құлату керек. Келесі де иыққа, сосын басқа, жұдырыққа, ішке, арқаға деген секілді жалғаса береді. Қазіргі таңда бұл ойын түрі арнайы тақтайшалармен ойналады. Бұдан байқайтынымыз, бисокчиги ойынының бірінші кезеңі асықты тізіп атуға ұқсайды. Дегенмен, қазақ халқының асық ойынының тамыры терең, үлгі-өнегесі көп.

Қорытынды

Осылай корей халқы мен қазақ халқының ұлттық ойындарындағы ұқсастықтарды зерделей отырып, екі ұлттың ерекшеліктеріне қарамастан, ұлттық ойындарында, тұрмыс-тіршілігінде, тіпті тәрбие берудегі құндылықтарында да тарихи және мәдени тоғысуының болуы таңғалдырарлық жағдай. Ш. Уәлиханов халықтың салт-дәстүрлері мен діні, наным-сенімдерін зерттей отырып, қай халықтың болмасын жалғыз өзіне ғана тән салт-дәстүрінің болмайтынын, шаруашылық кәсібі мен мәдени тұрмыс-тіршілігі аралас елдердің бір-біріне тигізер әсерінің сөзсіз болатынын дәлелдеген [10,109-б.]. Алайда, халықтың тұлғалық ерекшеліктеріне қарай ма, әлде екі елдің саяси жағдайына байланысты ма ұлттық ойындардың дәрежесінің деңгейі екі елде екі түрлі болып келеді. Қазіргі таңда Оңтүстік Корея мемлекеті ұлттық ойындарды жан жақты дамыту үстінде. Мысалы, жастар тәрбиесіне көңіл бөлу мақсатында ұлттық ойындарды ойнатуды мектеп бағдарламасына енгізген. Жастар арасында ұлттық ойындар бойынша олимпиада, жарыстар жиі өткізіледі. Ұлттық ойындар кітаптар, анимациялық фильмдер, кино, бағдарламалар арқылы жан-жақты дәріптеледі.

Біз ұлттық ойындарды дамытып, оларды жастардың бойына сіңіру мақсатында жұмыс жасауымыз керек. Осы тұста, Оңтүстік Кореядан мәдениет пен ұлттық құндылықтардың дәрежесін

көтеру бойынша алар тәжірибеміз мол. Құралдармен ойналатын ұлттық ойындарды заманауи үлгісін ойлап тауып, жастарды жаңаша қызықтыра алсақ, бізге де ұлттық ойындардың дәрежесін

асқақтатуымызға жол ашылады. Қазіргі уақытта ұлттық спорт түрлеріне айналған қазақ күресі, тоғызқұмалақ, садақ ату, асық ойыны, саятшылық түрлері халықаралық дәрежеге көтеріліп дамып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». – 2021.
2. Доскараев Б. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: диссертация доктора педагогических наук: 13.00.04/Казахстан– Алматы, 2009. – 64 с.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 24-36 б.
4. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану. Монография. – Алматы: Рауан, 1991. – 160 б.
5. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 112 б.
6. Алекторов А. О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей. – Оренбург, 1891. – 82 с.
7. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1989. –1 том
8. Аязбеков Б. Қазақ күресінің әдіс тәсілдерін үйрету. Әдіснамелік нұсқау. –Т араз, 2018. – 52 б.
9. Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 30-102 б.
10. Уәлиханов Ш. Таңдамалы/Ш.Уәлиханов. – Алматы: Жазушы, 1985. –109 б.

А.Б. Арипова, Б.К. Ақын

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сходство национальных игр у казахского и корейского народов

Аннотация. Статья посвящена отражению сходства национальных игр у казахского и корейского народов и степени национальных игр в двух государствах. Все мы знаем о негативном влиянии процесса глобализации на национальную культуру. В этой связи единственный путь к формированию национального духа – это популяризация наших ценностей, в том числе национальных игр среди молодежи. По этой причине в этой статье подчеркивается роль национальной игры в воспитании молодежи и важность модернизации национальных игр.

Эти игры, восходящие к нашим предкам, являются движущей силой не только оздоровления организма, но и всестороннего развития молодежи, прививая им такие положительные качества, как нравственность, интеллект, конкурентоспособность, ответственность, уважение и достоинство. В целях сопоставления и определения сходства национальных игр казахского и корейского народов был проведен не только исторический обзор, но и выявлены сходства и различия между казахским боем и борьбой ширым, игрой асық и игрой бисокчиги, стрельбой из лука и хуалсоги. Рассмотрены пути популяризации ценности национальных игр среди молодежи.

Ключевые слова: казахская культура, корейская культура, национальные игры, историко-культурное наследие, корейские игры, казахские игры, национальные ценности.

А.В. Aripova, B.K. Akyn

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Similarity of Kazakh and Korean national games

Abstract. The article is devoted to the reflection of the similarity of national games in the Kazakh and Korean peoples and the degree of national games in the two states. We all know about negative impact

of the globalization process on national culture. In this regard, the only way to form a national spirit is to popularize our values, including national games among young people. For this reason, this article highlights the role of the national game in educating young people and the importance of modernizing national games.

These games, dating back to our ancestors, are the driving force not only for the improvement of the body, but also for the comprehensive development of young people, instilling in them such positive qualities as morality, intelligence, competitiveness, responsibility, respect and dignity. In order to compare and determine the similarity of the national games of the Kazakh and Korean peoples, not only a historical review was conducted, but also similarities and differences between Kazakh combat and shiryum wrestling, the game of assik and the game of bisokchigi, archery and hualsogi were revealed. The ways of popularizing the value of national games among young people are considered.

Keywords: Kazakh culture, Korean culture, national games, historical and cultural heritage, Korean games, Kazakh games, national values.

References

1. Statement of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan «unity of the people and systemic reforms – a solid foundation for the country's prosperity». 2023
2. Doskaraev B. İstoriko-pedagogicheskie osnovy stanovleniia i razvitiia sistemy fizicheskoi kültury v Kazahstane: dis doktora pedagogicheskikh nauk [Historical and pedagogical foundations of the formation and development of the physical culture system in Kazakhstan: doctoral dissertation of pedagogical sciences] 13.00.04 Kazakhstan. Almaty, 2009 P.64. [in Russian].
3. Jumabaev M. Pedagogika [Pedagogy] (Ana tili, Almaty, 1992, 24-36 p.), [in Russian].
4. Sagyndykov E. use of National Games in educational work. Monograph. – (Almaty, Rauan, 1991, 160 p.).
5. Mynzhan N. Qazaqtyn qysqasha tarihy [Kazakh's short history] (Jalyn, Almaty, 1994, 112 p.) [in Kazakh].
6. Alektorov A. O rojdenii i vospitaniia detei kirgizov, o pravilah i vlasti roditelii [About the birth and upbringing of Kyrgyz children and the rules and power of their parents] (Orenburg, 1891, 82 p.) [in Russian].
7. Auevov M. The way of Abai. Almaty, 1989.
8. Aiazbekov B. Qazaq kuresinyn adis tasilderin uiretu: Adisnemelik nusqau [Teaching the methods of Kazakh wrestling: methodological tool] (Taraz, 2018, 52 p.) [in Kazakh].
9. Alimhanov E. Qazaqtyn ulttyq halyq oiyn-dary men sportynyn teorialyq jane pedagogikalyq negizdery: monografiia [Theoretical and pedagogical foundations of Kazakh national folk games and sports: monograph] (Kazakh University, Almaty, 2018, 30-102 p.) [in Kazakh].
10. Ualikhanov S. Tandamaly [Optional] (Zhazushy, Almaty, 1985, 109 p.) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Арипова Асылзат Болатқызы – «Шығыстану: корей тілі» мамандығының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Ақын Бақдаулет Қалиахметұлы – PhD, шығыстану, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті.

Aripova Asylzat Bolatkyzy – The 2nd year Master's student in «Oriental Studies: Korean language», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Aqyn Bakdaulet Kalyakhmetuly – Ph.D., Oriental Studies, Senior Lecturer, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.